

Ж.Д.Рапишева¹, М.Қ.Жүнісова¹, З.Қ.Сейдахметова², А.Ю.Кишенова²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті
(E-mail: r_zhanat@mail.ru)

Терминологиялық лексиканың бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылу ерекшеліктері

Мақалада жаңа қолданыстар мен терминдердің бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ), оның ішінде баспасөз беттерінде қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылатын терминдер мен кірме сөздер, жаңа қолданыстар талданды. Терминдердің қалыптасып, нормалануы, бір жүйеге түсіп, қалыптануы (кодификация) тұрақты қолданылып, дамуына БАҚ-тың тигізетін әсер-ықпалы нақты тілдік деректермен дәлелденген. Авторлар БАҚ-тың қазақ тілінің терминологиясын қалыптастырып, дамытудағы орны, терминдерді нормаландырып, тұрақтандырудағы қызметі ерекше, ал мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуде ұлттық терминологияны реттеудің, жүйелеу мен дамытудың маңызы зор деген қорытынды жасады.

Кілт сөздер: термин, терминдік тіркестер, жаңа қолданыстар, шетелдік кірме терминдер, бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз, терминдердің нормалануы.

Қоғам өмірінің көрсеткіші болып табылатын БАҚ ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық мәселелерді жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан, журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар деп тануға негіз бар. Осы топтың жинау, талдау, саралау, іріктеу сияқты сатылардан өткізіп барып көпшілікке ұсынатын түпкі өнімін зерттеушілер медиамәтін деп атайды.

Қазіргі кезде бүкіл адамзат электрондық БАҚ-тың әсер ету объектісіне айналып отырғаны мәлім. БАҚ түрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын әмбебап құрал ретінде медиамәтін әлеуметтік-реттеуші қызметін атқарады. Академик Р.Сыздық қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің даму барысында көркем әдебиет стилінің жетекші орын алатынын, яғни доминантты стиль екенін, айта келіп былай дейді: «Сөз жоқ, бұл күнде тіл тәжірибесінде публицистиканың, көпшілік ақпарат құралдары — баспасөздің, радио мен телевидениенің де рөлі күшейе түскенін мойындау қажет» [1]. Әр түрлі БАҚ-та медиамәтіннің өзіндік ерекшеліктері болатыны мәлім, дегенмен, оның әмбебаптық сипаты, негізінен, өзгеріссіз қалады.

Қазақстанда Интернет, кабельді теледидар қарқынды дамып келеді. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар ақпарат нарығында кеңінен қолданыс табауда. Ұлттық теледидар мен радиостансалар ұлттық ғарыштық жүйе арқылы таратылуда. 2002 ж. CaspioNet (операторы Eutelsat) ғарыштық арнасы құрылды. Республиканың барлық аумағында кабельдік және ғарыштық арналар арқылы BBC, CNN, Deutsche Welle арналарының бағдарламалары, Азаттық радиосы, Польшаның Polonia арнасы, ресейлік және басқа да телерадиоарналар көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер миинстрлігінде әлемнің 20 елінен 80-нен астам шетелдік БАҚ-тың өкілдері тіркелген. Олардың қатарында BBC, Associated Press, Интерфакс, France Press, Reuters, ИТАР-ТАСС сияқты дүние жүзіне танымал аса ірі ақпараттар агенттіктері бар екен.

Бүгінгі тәуелсіздік кезеңі тұрғысынан қарайтын болсақ, баспасөздің халық алдындағы міндеті орасан зор. Ол қоғам ішінде жаңа сипаттағы әлеуметтік көзқарасты қалыптастырып, оны орнықтыруды мақсат етеді. Коммуникацияның ең басты құралы — баспасөз тілі де халық тілінің сұрыптан өткен, әбден жетілген әдеби нормасымен жазылуға тиіс.

Бүгінде ақпарат, соның ішінде баспасөз ақпаратының маңызы артып, адамзат өмірінде энергия, материя секілді міндет атқаратын іргелі ұғымға айналды. Сондықтан ХХІ ғасырды ақпарат дәуірі ретінде бүкіл әлем мойындап отыр.

Жаппай бұқаралық санада ғалам бейнесін қалыптастыру үшін қоғамдық-саяси ұғымдарды білдіретін терминологияның маңызы зор. Адам санасы дамуының ең жоғары сатысы ұғымға негізделген ойлау болып табылады, адам санасындағы тарихи таным үрдісінің сөзге жинақталып көрсетілетіні анық. Адам танымы тек ұғым арқылы ғана анықталады десек, сол ұғымды білдіретін лексикалық бірліктер, терминдер болып саналады.

Баспасөздің қоғам өмірінде алатын орны қаншалықты зор болса, тілді дамытып, байытудағы қызметі де соншалықты зор. Адамзат баласы үшінші мыңжылдықта өркениеттің барлық салаларын жаһандандыру кезеңін бастады. Баспасөз материалдарында жаңа сөздер мен жаңа қолданыстар қоғамда болып жатқан осындай өзгерістерге орай күн санап қатарын толықтырып келеді. Ғалымдар бұл мәселеге 1) сыртқы жағдаяттардың, яғни өмірде болып жатқан жаңа құбылыстардың, тың ұғымдардың; 2) тілдің өзінің ішкі даму заңдылықтарының, яғни сөз мағынасының өзгеруінің, кенеюінің, басқа да әр түрлі тіркесу құбылыстарының болатындығынан деп көрсетеді [2]. Басқаша айтқанда, экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлар әсерін дұрыс ескерген жөн.

Жаңа қолданыстарды көпшілік арасында таратып, насихаттап, орнықтыру, тұрақтандыру ісінде бұқаралық ақпарат құралдарының жетекші орынды иемденетіні сөзсіз. Осыған қатысты пікірге ғалым Ш. Сарыбаев: «Әдеби тілімізде, оның ішінде, әсіресе, лексиканы, сөздік қорымызды байытуда ақпарат құралдарының маңызы ерекше... жаңа қолданыстарды дүниеге келтіруде көркем әдебиет емес, мерзімді баспасөз, ақпарат құралдарын бірінші орынға қояр едік», — дейді. Газеттердегі жаңа қолданыстар еліміздің егемендік алуымен және қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуымен тығыз байланыста өрбіді.

Баспасөздің мақсаты қалың оқырманға ғылыми ақпарат беру емес, көпшілікке қажетті жалпы ақпаратты негізді жеткізу үшін салалық терминдерді пайдаланады. Зерттеуші М.Н. Володина: «Салалық ұғымдардың тілдік көрінісі саналатын терминдер арнаулы білімдерді репрезентациялаудың айрықша тәсілі болып табылады. Қандай да бір арнаулы ұғымдарды білдіретін термин маңызды ақпараттың бір бөлігін сақтап, жеткізуші ретінде түсіндіріледі. Ол ақпарат бөлігі белгілі бір терминсферада аса құнды болып саналады», — дегенді айтады [3].

XX ғасырдың соңғы он жылындағы еліміздің егемендік алуы, тіліміздің мемлекеттік мәртебесін иемденуі, сондай-ақ еліміздің Ата Заңын және мемлекеттік рәміздерді қабылдауы және де елімізде жүргізілген, жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық, тағы басқа реформаларға байланысты қазақ баспасөзі жаңа сөздер, жаңа қолданыстармен байи түсті. Бұл кезеңде баспасөз беттерінде, экстралингвистикалық факторлар, яғни қоғамда болып жатқан өзгерістер мен ғылыми-техниканың дамуындағы жаңалықтарға байланысты *пейджер, ұялы телефон, плеер, бейнекамера, валюта, тендер, аукцион, бизнес* т.б. жаңа сөздер пайда болды. Сондай-ақ лексикалық құрамның тілдік ішкі даму заңдылықтарына байланысты пайда болған жаңа қолданыстарды баспасөз беттерінен өте жиі кездестіруге болады.

Жаңа қолданыстардың бір тобын бұрын орысша, қазір қазақша баламасымен қолданылып жүрген, яғни мағынасы бұрынғыша ескі, бірақ жаңа формада қолданылып жүрген *отбасы, ақпарат, зейнеткер, зейнетақы, өтемақы, ұшақ* т.б. сөздер құраса, ал екінші тобын, керісінше, яғни ескі формада, бірақ жаңа мағынада қолданылып жүрген *әкім, төраға, нарық* т.б. сөздер құрайды. Жаңа қолданыстардың көпшілігін бұрын орысша нұсқада қолданылып келген сөздерді қазақша атау, қазақша беруге байланысты туындаған сөздер құрайтынын байқаймыз.

Тәуелсіздік алғаннан кейін күнделікті тіршілікке, тұрмыс-салтқа байланысты сөздермен бірге енді халықаралық мәні бар терминдік сөздерге балама табу талабы күшейе бастады. Ол үшін қазақ тілінің ішкі қорындағы мүмкіндіктер пайдаланылып, қаншама терминдердің қазақша баламалары қалыптасты. Олардың алғашқы көрінісін қай кезеңде болмасын бұқаралық ақпарат құралдарынан байқауға болады. Баспасөз беттерінде, біріншіден, 1920–1930 жж. жиі қолданылып, кейін қолданылудан шығып қалған бірқатар сөз қайта жаңғыртылды: *кеңес — совет, төраға — председатель, хатшы — секретарь, жал — аренда, құқық — право, сарапшы — эксперт*.

Екіншіден, орыс сөздерінің баламасы жасанды сөздер арқылы берілетін де жағдайлар болды. Мысалы: *ақпарат — информация; сұраным, сұраныс — спрос, әнұран — гимн, елтаңба — герб, ұшақ — самолет, көкөніс — овощ, бағдарлама — программа, өркениет — цивилизация, рәсімдеу — оформление, демеуші — спонсор, өтем — компенсация, отбасы — семья, жекешелендіру — приватизация, пікірсайыс — дискуссия, саяжол — аллея, қуғын-сүргін — репрессия, көпсайыс — многоборье, мұражай — музей, жүктеме — нагрузка, әуежай — аэропорт, төлқұжат — паспорт* т.б.

Бұл сияқты баламалық жаңа сөздер көбінесе сөзге жұрнақ жалғау, сөздерді біріктіру, тіркестіру тәсілдері арқылы туған.

Үшіншіден, бірқатар орыс сөздеріне балама ретінде жергілікті және байырғы, көне сөздер пайдаланылды. Мысалы: *кеден — таможня, қолтырауын — крокодил, егемен — суверенитет, амбебап — универсал, кешен — комплекс, жарғы — устав, тәркілеу — конфисковать, асаба — тамада, нарық — рынок, бап — статья, әкім — администратор, гарыш — космос, гимарат —*

сооружение, әділет — юстиция (Әділет министрлігі — Министерство юстиции), мәртебе — статус, март — наурыз, мамыр — май, қазан — октябрь, қараша — ноябрь, қаңтар — январь, сәрсенбі — среда, жұма — пятница, жексенбі — воскресенье, ұлан — гвардия т.б.

Баспасөз тілінде термин сөздермен қатар, шетел тілімен араласып ана тілімізді шұбарлап, қолданылған терминдер де кездеседі.

1. Жеке дара немесе сөз тіркесі ыңғайында қолданылған түсініксіз атаулар. WESTERN UNION — дүниенің төрт бұрышына ақшанды жедел жеткізіп береді (ЖА.,21.06.03). «Cisco Systems» Қазақстан нарығына көндікті (ЖА.,10.04.03). «Эксон Мобил» соғыс ардагерлерін құттықтады (ЖА.,08.05.03). Берілген сөйлемдерде шетелдік сөздер жеке дара қолданылған. Олар, әрине, оқырманның бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Оқырман WESTERN UNION-ның шет елге ақша аударатын орын екенін, «Cisco Systems» пен «Эксон Мобил»-дің өндірістік-шаруашылық компания екенін тек контекске қарап ғана ұғына алады.

Заемның тек ұйымдастырушысы — аса ірі француз банктерінің бірі Societe Generale. Синдикат қатысушылары: Rabobaank, Natexis, BMCF, Garantibank, HSBC, BCEN, EBRD (ЖА.,25.02.03); Сондай-ақ Chevron Texaco, Exxon Mobil, British Petroleum, BG Group, Total, Shell, De Beers компанияларының өкілдері де қатысты (ЖА.,28.06.03). «Мегаполис» газетінде жұмыс істейтін журналистер өздерін жан-жақты, әрі «цивилизированный» адамдар деп есептейді және олар шығыстық, азиялық цивилиздің емес, еуропалық цивилиздің адамдары. Сондықтан да болар, бұл газеттің беттері біресе «City Center», біресе «Ньюсмейкер» сияқты ағылшынша, латынша айдарлармен ашылады (АТ.,26.02.04) деген сөйлемдердегі белгіленген термин сөздердің бірінің үстіне бірінің үстемеленіп қолданылуы, оларға ешқандай анықтамалардың берілмеуі тілімізді шұбарламаса, байытып тұрған жоқ.

2. Қысқартылып қолданылған сөз тіркестері. Шағын жанрлардағы (әсіресе «Жас Алаш», «Ана тілі» газеттеріндегі) қысқа хабарламалар мен есептерде кейбір шетелдік термин сөздер қысқартылып та қолданыла береді.

«Отандықтар» тағы бір жоба енгізбекші деген де әңгіме шығып қалды...Бұл туралы KZ-today тілшісіне облыстық ауыл шаруашылығы департаменті төрағасының орынбасары Нияз Ыбыраев хабарлады (ЖА.,26.08.03). Осы байқаудың қорытындысы қалай шығарылатындығына, оған қатысушы әрбір жастың бағасын беретін қазылардың, ұйымдастырушыларының кім екеніне көз жүгірткеннен кейін және HIT-TV деп аталатын...(АТ.,05.02.04). SARS зарыштан келуі мүмкін деген болжамды растаушылар әлі де болса вирустың зарыштық денелер арқылы тарап, соның нәтижесінде жерге жеткенін дәлелдеуге тырыспақ (ЖА.,27.05.03). «ТуранӘлемБанк» халықаралық ISMA ұйымына мүше (ЖА.,25.02.03). Ал, «31»-телеарнадағы «Состояние KZ» мұны бізде қазақ тіліне «Голливудская популярность» берілмекші, ал үйренгісі келетіндер дегенге дейін барды (АТ.,19.02.04). Көш басында алып Ресей айналып өте алмайтын «ЧП»-лардың басы-қасына жұрттан бұрын жетіп, мәселенің мән-жайын жедел түсіндіре қояудың «мәстірі» боп алған Сергей Шойгу тұр (ЖА.,15.11.2003). Келтірілген мысалдардағы термин сөздердің әрқайсысына автор тарапынан түсініктеме беріліп отырғанда ғана жаппай оқырмандарға ұғынықты болар еді. Қазақ тілінің дүниежүзіндегі өркениетті дамыған өзіндік ғылыми терминология базасы қалыптасқан көшбасшы тілдер қатарына қосылуына оң ықпал ететін қолданыстарды ғана іріктеп, екшеп, талдап алып отырған жөн.

Кірме сөздер ассимиляциялану барысында реципиент (қабылдаушы) тілге бірнеше сатыдан өтеді. Осы сатыларды ғалымдар әр түрлі дәрежеде қарайды. Егерде Л.П. Крысин кірме сөздердің игерілуі барысында өтетін бес кезеңін атаса: 1) қабылдаушы кезең (сөздер транслитерациясыз, транскрипциясыз жазылады); 2) қабылдаушы тілдегі транслитерация не транскрипцияға сәйкестенеді; 3) бөтендігін жоғалтады, көбірек қолданылады; 4) жанрлық, стилистикалық, жағдаяттық және әлеуметтік белгілерін жоғалтады; 5) түсіндірме сөздіктерде тіркелінеді [4]. Г.Ю. Князева ассимиляцияның тек қана екі кезеңін көрсетумен шектеледі. Олар: 1) кірме сөздердің жаңа тілге бір мағынамен келіп, морфологиялық өзгерістеге шалдығуы; 2) семантикалық құрылымын кеңейтуі [5].

Ал бүгінгі күнде кірме сөздердің ассимиляциясы бес деңгейде қарастырылып жүр: бірінші кезеңде шетел сөзі «бөтен сөз» ретінде қолданылады, себебі ол өзінің келген тілдегі тұлғасын сақтап, жаңа тілге әлі үйлеспендігін көрсетеді. Шетелдік сөздер қабылдаушы тілде ассимиляция барысында ең алдымен транслитерация және транскрипция құбылыстарына шалдығады. Транскрипция — шетел ағылшын сөздерінің басқа тілдегі дыбысталуын сақтау үдерісі болып

табылады. Транслитерация — ағылшын сөздерінің графикалық тұлғасын сақтау үдерісі болып есептеледі. Шетел сөздері қазақ тіліне орыс тілі арқылы кіреді, орыс тілінде ағылшын сөздері алдымен транслитерацияға ұшырап, сонан соң транскрипцияланады.

Екінші кезеңде кірме сөздер фонетикалық ассимиляцияға ұшырайды. Бұл жағдайда шетел сөзі қабылдаушы тілде қалыптасқан транслитерация және транскрипциядан өтеді, реципиент тілінің фонетикалық жүйесіне үйлеседі, мысалы: *Beneficiary* — *бенефициар*; *lising* — *лизинг*; *offer* — *оферта*; *bill* — *билл-вексель*.

Үшінші кезеңде шетел сөзі морфологиялық ассимиляциядан өтеді, яғни шетел сөздің негізінде қабылдаушы тілде туынды сөздер пайда болады, мысалы, *boxer* — *боксы*, *command* (*бұйыру*) *commander* — *командирлік*, *active* — *белсенді*; *acrobat* — *акробаттық*, *broker*, *инвестор*, *клиринг*, *франчайзинг*, *аукцион*, *элемент* т.б.

Осы кезеңде шетел сөздері грамматикалық ассимиляциядан өте бастайды. Грамматикалық ассимиляция үдерісінен өту барысында шетел сөздері реципиент тіліндегі грамматикалық категориялармен сәйкестенеді. Шетел сөздері өздерінің тілдерінде жоқ сан, септік (падеж) категорияларын өзгертуі де мүмкін. Мысалы, ағылшын тілінде *leggings* сөзін көпше түрде қолданбайды, қазақ тілінде осы сөз көпше түрде қолдана басталады, қараңыз: (*leggings*) — *леггинстер*, сондай-ақ көптеген сөздер өзгерістерге ұшырайды, мысалы, *slacks* (*слакстар*), *slips* (*слипстар*), *beats* (*бимстар*), *rails* (*рельстер*). Осы сөздер көпше түрде қолданады. Тағы мысалдар ретінде бірнеше сөздің өзгергенін көрсетуге болады. Олар: *jeans* (*джинсылар*), *boots* (*бутсылар*), *snickers* (*сникерстер*), *folders* (*фольдерстер*), *pumpers* (*памперстар*), *buks* (*баксылар*) т.б.

Төртінші кезең — семантикалық ассимиляция. Бұл кезеңде кірме сөздер өзінің мағыналарын кеңейтіп, реципиент тілінің лексика-семантикалық жүйесінің парадигматикалық және синтагматикалық қатарларында қызмет етеді. Кірме сөздер реципиент тіліне сіңіп, ұзақ уақыт бойы қолданылу түрін өзгертеді. Бірқатар кірме сөздер бірте-бірте мағыналарын кеңейтіп, көп мағыналы сөз болып шығады, мысалы, ағылшын сөзі «*crack*» қазақ тіліне «*жарық*», «*сынық*» деген мағынада келген. Осы тілде ол қосымша «сатыр-сұтыр дыбыс», «соққы» мағыналарына ие болады.

Бесінші сатыда кірме сөз келесі өзгеріске ұшырайды: ол өзінің жанрлық, стилистикалық, әлеуметтік және жағдаяттық белгілерінен айрылады. Егерде шетел сөзі өз тілінде әдеби экзистенциялық ішкі жүйеде қолданылса, реципиент тілінде ол басқа тілдік экзистенциялық ішкі жүйенің құрамына кіруі мүмкін, мысалы, *френд*, *шұзы*, *герла* деген ағылшын сөздері қазіргі кезде орыс, қазақ әдеби тілінде қолданылмай, әлеуметтік сленгте кездеседі. Игерілудің бесінші кезеңінде шетел сөзі түсіндірмелі сөздіктерде тіркеледі де, нәтижесінде мағыналық жағынан дамып, семантикалық құрылымын кеңейтеді.

Халықаралық мәндегі терминдердің тілімізге көптеп енгендігін қашанда мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат көздерінен байқаймыз. Олардың бірқатары ұлт тіліндегі терминдерге мән беріліп жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сыңары да қолданылып, үшіншілері сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Мысалы, *композитор* — *сазгер*, *мелодия* — *әуен*; *презентация* — *тұсаукесер*; *мода* — *сән*; *музей* — *мұражай*; *статуя* — *мүсін*; *аранжировщик* — *аранжировкасын жасаушы*; *оңдеуші*; *реставрация* — *қайта оңдеу*, *қалпына келтіру*; *шедевр* — *жауһар*, *үздік туынды*; *ирония* — *кекесін*, *тәлкек*; *дикция* — *айқын сөз*, *мақам*; *лимит* — *шек*, *меже*; *реплика* — *қағымпа*, *ілікпе сөз*; *пафос* — *шаттық*, *шабыт*; *рубин* — *лағыл*; *лал*; *трафарет* — *үлгі*, *таптауындық*; *дирижер*, *нота*, *натюрморт*, *амфитеатр*, *трилогия*, *драма*, *ария*, *экран*, *цирк*, *балет*, *жанр*, *рояль*, *соната* т.б.

Баспасөз бетінде мемлекетті басқарудың жаңа жүйесіне байланысты қолданылып жүрген *ТМД*, *ҚР*, *президент*, *парламент*, *сенат*, *спикер*, *премьер-министр*, *вице-министр*, *вице-президент*, *әкім*, *мәслихат* сияқты т.б. атаулар қатарындағы жаңа сөздердің біразын шет тілінен енген сөздер құраса (*сенат*, *спикер* т.б.), енді бірқатары — бұрын қолданыста болған сөздердің мағыналарының кеңеюі арқылы жасалған сөздер (*әкім*, *мәслихат* т.б.).

Еліміздің егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болуына байланысты әлеуметтік-тарихи ұғымдарды білдіретін халық, ел сияқты байырғы атаулар қатары *егемен ел*, *тәуелсіз ел*, *тәуелсіз мемлекет*, *ұжым*, *оралман*, *зейнеткер*, *әріптес* т.б. ұғымдармен толығырақ түсті. Сондай-ақ *кәсіпкер*, *бизнесмен*, *фермер*, *оппозиционер*, *олигарх*, *саясаткер* сияқты т.б. баспасөз беттерінде бұрын қолданыста болмаған жаңа сөздерді кездестіреміз.

Сыбайлас жемқорлық (коррупция) термині туралы айтатын болсақ, «Мемтерминком 2000 ж. 25 қаңтарда *коррупцияны* — *құнпаралық*, *вымогательствоны* *құнерездік* деп бекіткен болатын.

Ал К.Юсуп түсіндірме сөздіктен мысал келтіре отырып, осы екі терминді ауыстырып, яғни *коррупция* — *құнерез*, *вымогательство* — *құнпаралық* деп алуды ұсынады. Бірақ баспасөз беттерінде *коррупция* сөзі «құнпаралық» деп те, «құнерездік» деп те қолданылмай, *сыбайлас жемқорлық* деп екі сөздің тіркесуі арқылы қолданылып жүр.

Кейінгі жылдардағы жаңа сөздер мен экономика саласына қатысты сөздер мен сөз тіркестері термин ретінде қолданылып жүр: *коммерсант*, *коммерция*, *бизнес*, *бизнесмен*, *инвестиция*, *инвестор*, *ипотека*, *банкрот*, *доллар*, *евро*, *салым*, *салымшы*, *қаржыгер*, *кәсіпкер*, *кәсіпкерлік*, *нарық*, *нарықтық экономика*, *несие*, *пайыз*, *зейнетақы*. Төлемнің түрлеріне байланысты да біраз жаңа сөздер пайда болды. «Толық экономикалық орысша-қазақша сөздікте» *плата* — *төлем*, *ақы*, *төлемақы* деп беріліпті. Осындағы «ақы» сөзінен жасалған тірек *жалақы*, *өтемақы*, *жәрдемақы*, *жсолақы* т.б. сөздер баспасөзде молынан ұшырасады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін мәдениет саласына қатысты сөздер аударма және төл терминдермен толығы түсті: *тележоба*, *телекөпір*, *фотоөнер*, *фотокөрме*, *фототіліші*, *меценат*, *клип*, *аранжировка*, *жәдігер*, *мұрағат*, *мұражай*, *өркеніет* т.б.

Кейінгі жылдары «дін» сөзінің *дін өркеніеті*, *діни кадрлар*, *діни үгіт-насихат*, *діни секталар*, *діндераралық түсінік*, *діни конфессиялар*, *дәстүрлі діндер*, *дін қызметкерлері*, *дінаралық келісім*, *дін бұзар* сияқты т.б. көптеген сөздер мен сөз тіркестерін жасауға ұйытқы болып, қолданылу аясының кеңейе түскені байқалады. Мысалы: *Дінаралық түсіністік*, *конфессияаралық түсіністік демекші*, *әлемде қазіргі христиан діні 254 мемлекетте (2 миллиардтан астам)*, *мұсылмандар 172 мемлекетте (1,5 миллиардтан астам)*, *будда 86 мемлекетте (700 миллионнан астам) салтанат құруда* (Егемен Қазақстан, 19.09.2003).

Баспасөздегі ғылыми-техникалық лексикасының көбі байланыс, ақпарат алмасу құралдарына байланысты екенін байқаймыз: *компьютер*, *электрондық пошта*, *интернет*, *пейджер*, *ұялы телефон*, *факс*, *бейнекамера*, *ксерокс*, *принтер* т.б. Сондай-ақ *компьютер*, *ұялы телефон*, *факс*, *электрондық пошта*, *интернет*, *ксерокс*, *сканер*, *принтер*, *степлер*, *картридж* сияқты ғылыми-техникалық атауларын жиі кездестіруге болады.

Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюі ресми іс қағаздары, құжаттарды қазақша жүргізумен байланысты екені белгілі. Қазақ тілінің іс жүргізу терминологиясы *резолуция*, *печать*, *командировка*, *заседание*, *совещание*, *удостоверение*, *оформление*, *выписка*, *рассылка*, *отправка* тәрізді орыс тіліндегі дәстүрлі кеңсе ұғымдарына тілімізден *бұрыштама*, *мөр*, *мөртабан*, *іссапар*, *отырыс*, *кеңес*, *куәлік*, *рәсімдеу*, *үзінді*, *жіберілім*, *жөнелтілім* және т.б. баламаларды табумен бірге, осы тіл арқылы шет тілдерінен соңғы жылдары енген *вотум* (*доверия*), *импичмент*, *инаугурация*, *имидж*, *презентация*, *рейтинг*, *маркетинг*, *мониторинг*, *брокер* және т.б. жүздеген терминдік атаулар орын алуда. Кез келген мекеме, ұйым, кәсіпорынның атқарып отырған қызметі оның ресми іс қағаздарында, құжаттарында көрініс тауып жатады. Сондықтан да іс қағаздарының қоғам өміріндегі рөлі ерекше. Бұл салада *құжат*, *төлқұжат*, *құжаттама*, *бағдарлама*, *түйіндеме*, *мәлімдеме*, *тұжырымдама*, *хаттама*, *жеделхат*, *төраға*, *төрайым*, *елиші*, *дипломат*, *саммит*, *форум*, *меморандум*, *сенім грамотасы* т.б. қолданыстарды кездестіреміз.

Қорыта айтқанда, басқа функционалдық стильдерге қарағанда, жаңа сөздерді баспасөз, оның ішінде газет тілі ең алдымен бойына «сіңіріп» алатыны дәлелденді, яғни жаңа кірме сөздердің көбі газеттегі материалдар арқылы кең таралады.

Қоғамның саяси-экономикалық жүйесінде болған түбегейлі өзгерістер тәуелсіз егеменді мемлекеттің құрылуына әкелді. Соған сәйкес олар өздерінің ұлттық мүддесін көздейтін тіл саясатын белгілеп отыр. Бұл терминжасам үдерісіне де әсер етпей қоймайды. 90-жж. бері терминологиямызда болып жатқан жаңа үрдіс соның көрінісі болып табылады дейді зерттеушілер.

Ұлттық терминологияны қалыптастыру мен нормалау құралдарының бірі — жалпыхалықтық тілдегі сөздер мен терминдер жиі қолданылатын мерзімді қазақ баспасөзі. Ұлт тілінде баспасөздің, яғни алғашқы қазақ газеттерінің, жарыққа шыққан кезінен-ақ терминдердің қалыптаса бастағаны көпшілікке мәлім. Ғылым мен техника дамыған сайын мыңдаған жаңа ұғымдар пайда болып жатады. Олардың бәрі өзінің таңбалаушысын тауып, тілдік тұрғыдан жүйелеуді қажет етеді. Бүгінде **қазақ баспасөзінің терминологияны қалыптастырудағы атқаратын рөлі және жалпы ұлттық мәдениет пен ғылым дамуында алатын орны** айрықша болып отыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыздықова Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 1997. — 81-б.
- 2 Сыздықова Р. Тілдегі жаңалықтардың сыры неде? // Ана тілі. — 1991. — № 50. — 17-б.
- 3 Володина М.Н. Прагматическая функция слова-термина в сфере общественно-политической коммуникации // Журналистика и культура русской речи. Материалы междунар. конф., 17–19 апреля, факультет журналистики МГУ. — М.: Изд. Моск. ун-та, 2003. — С. 40.
- 4 Крысин Л.П. Языковое заимствование как проблема диахронической социолингвистики // Диахроническая социолингвистика. — М.: Наука, 1993. — С. 55.
- 5 Князева Г.Ю. Понятие ассимиляции заимствований и методика ее исследования // Лингвистика и методика в высшей школе. — Вып V. — М., 1970. — С. 45.

Ж.Д.Рапишева, М.К.Жунусова, З.К.Сейдахметова, А.Ю.Кишенова

Особенности употребления терминологической лексики в средствах массовой информации

В статье рассмотрены особенности употребления терминов и новых слов в средствах массовой информации (СМИ). Проанализированы термины и терминопотребления, новые заимствования из других языков. На основе языкового материала авторами определены важнейшая роль и место СМИ в формировании и развитии, систематизации и кодификации терминологии казахского языка. Сделан вывод о том, что средства массовой информации служат основным средством нормализации и унификации терминов, а в расширении функций государственного языка важное место занимают развитие и систематизация терминологической лексики.

Zh.D.Rapisheva, M.K.Zhunosova, Z.K.Seydakhmetova, A.Yu.Kishenova

Features of the use of terminological lexicon in mass media

In article features of the use of terms and new words and mass media are considered. Terms and a terminoupotrebleniye, new loans from other languages are analyzed. On the basis of language materials authors defined the major role and a place of mass media in formation and development, systematization and codification of terminological lexicon of the Kazakh language. Authors of article draw a conclusion that mass media serve as the main means of normalization and unification of terminology, and in expansion of functions of a state language the special place is taken by development and systematization of terminological lexicon.

References

- 1 Syzdykova R. *The greatness of the words*, Almaty: Sanat, 1997, 81 p.
- 2 Syzdykova R. *Ana mili*, 1991, 50, p. 17.
- 3 Volodina M.N. *Journalism and culture of the Russian speech. Materials international conf.*, April, 17–19, Faculty of journalism of MSU, Moscow: Publ. house of the Moscow university, 2003, p. 40.
- 4 Krysin L.P. *Diachronic sociolinguistics*, Moscow: Nauka, 1993, p. 55.
- 5 Knyazeva G.Yu. *Linguistics and a technique at the higher school*, V, Moscow, 1970, p. 45.